

А. Мукажанова<sup>1</sup> , Г.Б. Думан<sup>2</sup> , А. Құрманәлі<sup>3\*</sup> 

<sup>1</sup>Қазақстан-Американдық еркін университеті, Өскемен, Қазақстан

<sup>2</sup> Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

<sup>3</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

\*e-mail: altynshash.kurmanali777@gmail.com

## ТҮРІК ТЕЛЕХИКАЯЛАРЫНЫҢ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ТҮРІК ТІЛІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНЕ ЫҚПАЛЫ

Бүгінгі таңда түрік телехикаялары әлемдік кино индустрияда елеулі орын алып, шетелдіктердің Түркия мен түрік мәдениетіне деген қызығушылықтың артуына ерекше ықпал етуде. Мақалада жоғары оқу орындарында түрік тілін шетел тілі ретінде оқыту үдерісінде студенттердің түрік телехикаяларын қолдануға қатысты көзқарастары зерделенеді. Зерттеу түрік телехикаялары студенттердің түрік тіліне деген қызығушылығын оятады және олардың түрік тілін үйренулеріне оң әсерін тигізеді деген гипотезаға негізделген. Зерттеудің негізгі мақсаты – түрік телехикаяларының студенттердің түрік тілін үйренуге деген ынтасын қалай қалыптастыратындығын және олардың студенттердің түрік тілін үйренулеріне қалай ықпал жасайтынын анықтау. Зерттеудің өзектілігі Түркияның халықаралық аренадағы ықпалының артуымен, түрік телехикаяларының танымалдылығымен және жастардың түрік тілі мен мәдениетіне деген қызығушылықтың артуымен айқындалады.

Зерттеу Қазақстан-Американдық еркін университеті, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті және Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттеріне жүргізілді. Зерттеуге аталған университеттерден 100 студент қатысты. Google формада әзірленген сауалнама арқылы жүргізілген зерттеудің нәтижесінде түрік телехикаяларының студенттердің түрік тіліне деген мотивациясын арттыру мен олардың түрік тілін үйрену үдерісіне ықпалы анықталды. Зерттеу барысында сандық әдіс, контент талдау және сипаттау әдістері пайдаланылды. Зерттеудің нәтижелері негізінде телехикаялардың студенттердің түрік тіліне қызығушылықтарын арттыруға және олардың шетел тілі ретінде түрік тілін меңгертуге ықпалы талданды, сондай-ақ түрік телехикаяларын оқу үдерісіне кіріктіруге қатысты ұсыныстар жасалады.

**Түйін сөздер:** шетел тілін оқыту үдерісі, түрік тілін оқыту, түрік мәдениеті, түрік телехикаялары, тіл мен мәдениет интеграциясы, мотивация, тілдік дағдылар, мәдени мәнмәтін.

A. Mukazhanova<sup>1</sup> G.B. Duman<sup>2</sup>, A. Kurmanali<sup>3\*</sup>

<sup>1</sup>Kazakh American Free University, Oskemen, Kazakhstan

<sup>2</sup>Akhmet Yasawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan

<sup>3</sup>Al Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

\*e-mail: altynshash.kurmanali777@gmail.com

### Impact of Turkish soap operas on the process of teaching Turkish in higher educational institutions

Today, Turkish TV soap operas hold a significant place in the global film industry and have a profound influence on people's increasing interest in Turkey and its culture. The article examines students' perceptions of the use of Turkish TV series in the process of teaching Turkish as a foreign language in higher education institutions.

The study is based on the hypothesis that Turkish TV soap operas stimulate students' interest in Turkish and have a positive impact on language learning. The research aims to determine how Turkish soap operas motivate students to learn Turkish and their impact on teaching Turkish. Turkey's increasing influence on the international stage, the popularity of Turkish TV series in recent years, and the growing interest among young people in the Turkish language and culture underscore the relevance of the research.

The research was conducted among the students of Kazakhstan-American Free University, S. Amanzholov East Kazakhstan University, and Al-Farabi Kazakh National University. One hundred students participated in the study. The questionnaire developed in Google Forms revealed the impact of Turkish TV soap operas on students' increased motivation in learning Turkish in higher education. In the study, descriptive method, quantitative method, and content analysis method were used. The results of

enhancing their mastery of the Turkish language. The authors provide recommendations for integrating TV soap operas into the educational process.

**Keywords:** foreign language teaching process, Turkish language teaching, Turkish culture, Turkish soap operas, integration of language and culture, motivation, language skills, cultural context.

А. Мукажанова<sup>1</sup>, Г.Б. Думан<sup>2</sup>, А. Курманали<sup>3\*</sup>

<sup>1</sup>Казахстанско-Американский свободный университет, Усть-Каменогорск, Казахстан

<sup>2</sup>Международный казахско-турецкий университет им. Х.А. Ясауи, Туркестан, Казахстан

<sup>3</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

\*e-mail: altynshash.kurmanali777@gmail.com

### Влияние турецких сериалов на процесс обучения турецкому языку в вузах

В настоящее время турецкие телесериалы занимают значимое место в мировой киноиндустрии и оказывают заметное влияние зарубежной аудитории на повышение интереса к Турции и турецкой культуре.

В статье анализируются отношения студентов, изучающих турецкий язык как иностранный в высших учебных заведениях, на использование турецких телесериалов в процессе обучения турецкому языку как иностранному в высших учебных заведениях. Основная гипотеза исследования заключается в том, что турецкие сериалы способствуют росту интереса студентов к турецкому языку и оказывают положительное влияние на процесс его изучения. Целью исследования является выявление механизмов влияния турецких телесериалов на формирование мотивации студентов к изучению турецкого языка, а также определение степени их воздействия на процесс овладения данным языком. Актуальность исследования обусловлена растущим влиянием Турции на международной арене, возрастающей популярностью турецких сериалов в последние годы, а также увеличивающимся интересом к турецкому языку и культуре.

Исследование было проведено среди студентов Казахстанско-Американского свободного университета, Восточно-Казахстанского университета имени С. Аманжолова и Казахского национального университета имени аль-Фараби. В исследовании приняли участие 100 студентов. Методология исследования включает анкету, разработанную в формате Google Form. В исследовании были применены количественные методы анализа, контент-анализ и описательный метод. Результаты исследования демонстрируют влияние турецких сериалов на повышение интереса студентов к турецкому языку и изучению турецкого языка, а также предлагаются практические рекомендации по интеграции турецких телесериалов в образовательный процесс.

**Ключевые слова:** процесс обучения иностранному языку, преподавание турецкого языка, турецкая культура, турецкие сериалы, интеграция языка и культуры, мотивация, языковые навыки, культурный контекст.

### Кіріспе

Жиырма бірінші ғасырда шетел тілін оқыту әдістері қарқынмен дамып келеді. Осыған орай, университеттегі білім сапасы, шетел тілін оқытуда қолданатын әдіс-тәсілдер осы өзгерістерге бейімделуде. Шетел тілін үйрену көп уақыт пен күш-жігерді қажет ететіндігі белгілі. Өйткені шетел тілінде сөйлесу және өз ойын жеткізу ана тілінде сөйлесуден айтарлықтай ерекшеленеді. Шетел тілдерін үйренуші студенттердің тілдік дағдыларын жетілдіру үшін заманауи ақпараттық коммуникативті технологиялар мен интерактивті оқыту технологиясы, цифрлық ресурстар, жаңашыл оқыту әдістері қамтамасыз ететін мүмкіндіктерді пайдалану өте маңызды.

Академик С.С. Құнанбаева шетел тілін оқыту жүйесіне өзгеріс енгізу жөнінде ‘‘Шетел тілін оқыту жүйесі кез келген жүйе сияқты, өзінің ал-

дын ала белгіленген мақсаттары мен жоспарланған нәтижелері аясында қызмет етеді және дами-ды және бұл жалпы жүйенің – бұл жағдайда шет тілін оқыту жүйесі параметрлері шегінде ішкі жүйелердің тұтас спектрін шектеуді басқарады. Шет тілдерін тар кітаби түсініктен көп қырлы зерттеу саласы ретінде шет тілін оқытудың ортақ жүйесіне көшу қажеттілігі қазіргі заманда айқын көрініс табады’’ деп тұжырым жасайды (Kunanbayeva 2010:10).

Соңғы жылдары түрік телехикаялары әлемдік кино индустрияда елеулі орын алып, түрік телехикаяларының ерекше жанкүйерлер тобы қалыптасып, Түркия мен түрік мәдениетіне және түрік тіліне деген қызығушылықтары артуда.

Осы орайда, К.Кая және Б.Инджи зерттеу мақалаларында «мақсат етілген тілдің мәдени ортасында өскен тұлғалар сол қоғамының құндылықтары мен нормаларын қабылдай отырып,

тілдің экспрессивтік мүмкіндіктері мен метафоралық құрылымын оңай меңгереді. Тілді шетел тілі ретінде үйренушілер үшін мұндай мүмкіндіктердің шектеулі екендігін байқауға болады. Мақсат етілген тілді толық түсіну үшін сол қоғамның мәдениетін де зерттеу керек» деп пайымдайды (Kaya & İnci 2018:7).

Зерттеудің өзектілігі Түркияның халықаралық аренадағы ықпалының артуымен, түрік телехикаяларының танымалдылығымен және жастардың түрік тілі мен мәдениетіне деген қызығушылықтың артуымен айқындалады.

Зерттеудің мақсаты түрік телехикаяларының студенттердің түрік тілін үйренуге деген ынтасын қалай қалыптастыратындығын және олардың студенттердің түрік тілін үйренулеріне қалай ықпал жасайтынын анықтау болып табылады. Зерттеудің мақсатына жету үшін төмендегідей міндеттерді шешу көзделді:

- Жоғары оқу орындарында түрік тілін шетел тілі ретінде оқытын студенттердің түрік телехикаяларына қатысты көзқарастарын анықтау;

- Жүргізілген сауалнама нәтижелерін сандық және мазмұндық талдау негізінде тұжырымдау;

- Зерттеу нәтижелері негізінде түрік телехикаяларының студенттердің түрік тіліне деген ынтасы мен түрік тілін үйрену үдерісіне әсерін зерделеу.

Зерттеу түрік телехикаяларының студенттердің түрік тіліне деген қызығушылығын оятып, түрік тілін үйренулеріне оң әсерін тигізеді деген гипотезаға негізделген.

Зерттеудің жаңалығы – ғылыми еңбектерде жеткілікті қарастырылмаған БАҚ тұтынуы мен тіл үйренудің өзара әрекеттесуін талдауға бағытталғандығында. Зерттеу қазіргі заманғы медиа мәдениеттің тіл үйрену және мәдени алмасу үшін ресурсқа айналуы туралы бірегей перспективаны ұсынады. Зерттеу жұмысының нәтижелерін шет тілдерін оқыту саласындағы мамандар, шет тілі оқытушылары, бұқаралық ақпарат құралдарының студенттердің тілдік және мәдени тұлғасына ықпалын зерттеушілер қолдана алады.

### Әдебиетке шолу

БАҚ құралдары мен теледидар мәдениетінің бір бөлігі болып табылады. Ғалымдар теледидар көрудің ұйқы мен жұмыстан кейінгі қоғамдағы үшінші маңызды әрекет екендігіне назар аударады. Мәдениет ұғым ретінде қоғамдардың жалпы құрылымын формалды түрде

ашатын және қалыптастыратын құрылым болып табылады.

P. Bilis зерттеу мақаласында БАҚ құралдарының мәдениаралық қарым-қатынастағы маңызына тоқталып: «Мәдени элементтерді ұлттық және саяси шекаралардан өткізу мүмкіндігіне ие бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ), әсіресе теледидар елдер арасында мәдениаралық қарым-қатынаста өте маңызды рөл атқарады. Бұл құралдар әртүрлі қоғамдарға бір-бірінің өмір салтын, өнерін, дәстүрлері мен құндылықтарын жақсырақ түсінуге көмектеседі. Осылайша, мәдени байлықпен алмасу жүзеге асып, адамдар арасындағы байланыс нығая түседі» деп атап өтеді (Bilis 2018: 407).

K. Смакова мен Б. Паулсруд бірлесе жазған зерттеу мақалаларында мәдениаралық қарым-қатынастың шет тілін оқытудағы маңызына тоқталып, «Шет тілдерін оқытуда тек тілді меңгеру ғана емес, мәдени өлшемдер де маңызды. Мәдениаралық қарым-қатынастың маңыздылығы және мәдени өлшемдердің тілді оқытуға кіріктірілуі осы себепті кеңінен танылып, шет тілін оқытуда ықпалды өзгерістерге түрткі болады» (Smakova & Paulsrud 2020: 691) деп тұжырым жасайды.

Қоғамдар өздерінің өмір сүруін өздерінің мәдени өткеніне негіздейді. Әлеуметтік өмір салты, моральдық түсінік және сенім жүйелері сияқты элементтер мәдениет ұғымы аясында қарастырылады. Мәдениет ұғымын осы тұрғыда қарастырғанда оның адамдардың ой-өрісі мен мінез-құлқына әсер етіп, қарым-қатынас стилінің қалыптасуына әкелетіні байқалады.

Түрік телехикаяларын Балқан, Орта Азия және Латын Америкасы елдерінен басқа көптеген елдер де қарайды. Дереккөздерге сүйенетін болсақ, түрік телехикаялары 1990-2000 жылдардан кейін әлемдік нарыққа шығып, олардың танымалдығы күн сайын артып келеді.

И. Арык түрік телехикаяларының танымалдығы жайында өзінің зерттеу мақаласында қазіргі уақытта түрік телехикаялары бүкіл әлемде танымал болып отырғанын атап өтіп, түрік телехикаяларының экспортталатын елдердің қатарында АҚШ, Канада, Швеция, Венесуэла, Оңтүстік Корея, Жапония, Ресей, Армения, Пәкістан, Үндістан, Тайвань, Италия, Испания, Франция, Польша т.б. елдер бар екендігіне назар аударады (Arık 2023: 1267).

Б. Йешил зерттеу мақаласында түрік телехикаяларының қазақстандық көрермендер арасында танымалдығы күн сайын артып келе жатқа-

нына және Қазақстанға алғашқы экспортталған түрік телехикаясының «Асау жүрек» (Deli yürek) телехикаясы екенін тілге тиек етеді (Yeşil 2015: 44).

М. Арбатлы мен И. Курар түрік телехикаяларының маңызы мен танымалдығы жайлы: «Асау жүректен» (Deli yürek) кейін шыққан «Қыналы қар» (Kınalı kar) телехикаясының көрсетілімі де қазақ көрермендерінің үлкен қызығушылығын ояндырды. Содан бері Қазақстандағы түрік телехикаяларының танымалдылығы арта түсуде. Көптеген зерттеушілер Түркияның «жұмсақ күші» деп сипатталған бұл кино туындыларын Түркияның және түрік тілі мен мәдениетінің насихатталуына үлкен үлес қосуда – деп атап өтеді (Arbatlı 2015: 39).

М. Benovska зерттеу мақаласында «Түрік телехикаялары 2014 жылы халықаралық табыспен танылудың шыңына жетті. Содан бері түрік телехикаялары халықаралық нарықта таралуы жағынан Америкадан кейінгі екінші орында тұр. Олар жүзден астам елде қаралады, ал аудиториясы үнемі өсіп келеді, 500 миллионнан асады. Олар қазіргі уақытта Netflix және Amazon сияқты жаһандық кең таралған американдық цифрлық платформаларда көрсетілімде» деп тұжырым жасайды (Benovska 2024: 159).

Е. Акджаның пікірінше, телехикаялар өзінің құрылымының арқасында көрерменнің қабылдауы мен байланыс орнатуын жеңілдетеді. Сондықтан да олардың күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналуы таңқаларлық жайт емес (Ақша 2022: 326).

“Түрік тілін практикада үйрету барысында шынымен де Түркия туралы алғашқы әсерлер мен түрік тіліне деген сүйіспеншілік түрік телехикаяларына байланысты екені байқалады. Әр он адамның бірі Түркияда, әсіресе Анталияда демалуды жөн көреді, бұл өз кезегінде оның түрік тілін жетік білуіне ықпал етіп, Түркияға деген сүйіспеншілігін оятады. Түркияда оқуға және жұмыс істеуге деген ұмтылыс түрік тілін үйренудің басты себептерінің бірі болып табылады” (Duman 2023: 145).

Осы орайда, М. Арбатлы мен И. Курар түрік телехикаяларының Түркияның «жұмсақ күші» (soft power) элементі екендігіне назар аударып, «тілді оқыту тек оқу материалдары арқылы ғана емес, фильмдер мен телехикаялар арқылы да жүзеге асатындықтан «жұмсақ күшті» (soft power) колдану студенттердің шет тілін үйрену үдерісіне айтарлықтай әсер етеді. Бұл жайт түрік тілін тереңірек түсінуге және

тиімді пайдалануға ықпал етеді. Шет тілін оқытуда тіл мен мәдениеттің интеграциясы оқу үдерісін тиімді әрі мазмұнды болуын қамтамасыз етеді. Осылайша түрік телехикаялары түрік тілін үйренушілер үшін маңызды ресурс болып табылады» деп тұжырым жасайды (Arbatlı 2015: 44).

Г. Шериева, Ж. Сулейменова және А. Сатбекова бірлесе жазған мақалаларында «тілді оқыту барысында тілдік бірліктердің мағынасын ашуға, тіл туралы аялық білім беруде, тілдің қатысымдық құзыреттілігін көрсетуде бүгінгі білім құралдарының қарыштаған заманында филологияның классикалық бағыттары жеткіліксіз. Осы орайда, «лингвоелтаным» бағыты бір жағынан, тілді дәстүрлі түрде меңгеруге бағытталса, екінші жағынан, тілі оқытылып жатқан елдің өзіндік ерекшеліктері жайлы жан-жақты мағлұмат беруді міндеттейді» деп тұжырым жасайды (Шериева т.б. 2023: 119).

Шетел тілін оқытуда тіл мен мәдениеттің интеграциясы оқу үдерісінің тиімді әрі маңызды болуын қамтамасыз етеді.

### Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеуге Қазақстан-Американдық еркін университеті, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен түрік тілін екінші шетел тілі және базалық шетел тілі ретінде оқып жатқан 100 студент қатысты. Зерттеуге қатысушы студенттер тарапымыздан құрастырылған сауалнамаларға жауап берді. Зерттеуге дейін әдебиеттерге шолу жасалып, сапалы деректер алу үшін әр түрлі сұрақтар әзірленді. Сондай-ақ зерттеуге қатысушыларға «U» код атауы берілді. Сауалнамалар Google форма арқылы жүргізілді (<https://docs.google.com/forms/d/1yqJMAJ03kfHp6QaYlsmDK9jy29PPnsEAzllj9Id8jXw/>).

Зерттеудің бірінші кезеңінде студенттердің түрік телехикаяларын қаншалықты жиі көретінін және қандай телехикаяларды тамашалайтынын анықтау мақсатында 25 түрік телехикаясын қамтитын сауалнама жүргізілді. Екінші кезеңде сауалнамаға қатысушы студенттер тарапымыздан әзірленген төмендегі сауалнама сұрақтарына жауап берді:

- Түрік телехикаяларын жиі көресіз бе?
- Түрік телехикаялары түрік тілін үйренуіңізге септігін тигізді ме?
- Түрік телехикаяларын қай тілде көресіз?

- Түрік телехикаяларындағы кейіпкерлеріге еліктейсіз бе?

- Түрік телехикаяларынан түрікше сөздер немесе сөз тіркестерін үйренесіз бе?

- Университетте екінші шет тілі ретінде түрік тілін таңдамас бұрын түрік телехикаяларын көрдіңіз бе?

Зерттеудің мақсатына жету үшін жинақтау, сипаттау, контент талдау және статистикалық зерттеу әдістері пайдаланылды. Сандық мәліметтерді жинау мақсатында сауалнама жүргізіліп, түрік телехикаяларының студенттердің түрік тілін үйрену үдерісіне ықпалын анықтауға арналған сұрақтар арқылы статистикалық деректер алынды. Сауалнамамен сүйемелденген бұл әдістер арқылы сандық нәтижелер мен ақпараттың мазмұны талданды.

## Нәтижелер және талқылаулар

Зерттеудің бірінші кезеңінде студенттердің түрік телехикаяларын қаншалықты жиі көретінін және қандай телехикаяларды көретінін анықтау мақсатында 25 танымал түрік телехикаясын қамтитын сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға Қазақстан-Американдық еркін университеті, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен 100 студент қатысты. Зерттеуге қатысушы 100 студенттің 92-сі қазақ, 6-уы орыс, 2-уі метис екені анықталды. Сондай-ақ, сауалнамаға 2 және 3 курс студенттері қатысқанын және қатысушылардың негізінен 18 бен 22 жас аралығындағы жастар екенін көруге болады.

**1-кесте** – Студенттер арасында түрік сериалдарын таңдау және көру жиілігі

№	Түрік телехикаяларының атаулары	Мүлдем көрмеймін	Кейде көремін	Жиі көремін	Үнемі көремін
1	Bin Bir Gece	54	37	5	4
2	Muhteşem Yüzyıl	7	36	27	30
3	Kırgın Çiçekler	84	6	5	5
4	Diriliş Ertuğrul	72	20	4	4
5	Sen Çal Kapımı	3	28	33	36
6	Medcezir	55	32	10	3
7	Güneşin Kızları	66	21	10	3
8	Güneşi Beklerken	80	9	8	3
9	Kırgın Çiçekler	81	15	2	2
10	Yalı Çapkını	37	45	11	7
11	Çilek Kokusu	8	15	37	40
12	Sefirin Kızı	56	30	12	2
13	Kuruluş Osman	75	20	5	0
14	Hercai	60	25	10	5
15	Kızıl Goncalar	70	15	9	6
16	Kiralık Aşk	17	18	30	35
17	Sakla Beni	70	10	10	10
18	Bambaşka Biri	76	20	4	0
19	Kardeşlerim	83	11	3	3
20	Yaprak Dökümü	55	19	10	16
21	Yeni Gelin	70	6	12	12
22	Fatmagül'ün Suçu Ne?	67	14	9	10
23	Deniz Yıldızı	84	14	0	2
24	Kösem	42	21	19	1
25	Mucize Doktor	15	5	0	0

Бұл кестеден «Muhteşem Yüzyıl» (Ғаламат ғасыр), «Diriliş Ertuğrul» (Ертұғрыл), «Sen Çal Karımı» (Сен есігімді қақ), «Yalı Çarşını» (Зымыран), «Çilek Kokusu» (Құлпынай иісі), «Yaprak Dökümü» (Қоңыр күз) телехикаяларының ең «жиі» және «үнемі» қаралатын түрік телехикаялары екендігін көруге болады. Бұл статистикалық деректер студенттердің тарихи телехикаялармен қатар, заманауи телехикаяларға басымдық беретінін көрсетеді. Тарихи телехикаялар әдетте өткен дәуірлердің оқиғалары мен кейіпкерлеріне назар аударады, ал қазіргі телехикаялар бүгінгі тақырыптарды қозғайтыны белгілі. Студенттердің тарихи және қазіргі телехикаяларды көруінің себепте-

рі әртүрлі кезеңдердің мәдениеттері мен өмір салтын білуге ұмтылу, тарихи оқиғалар мен жеке тұлғаларды жақсырақ түсінуге ұмтылу және өзекті мәселелер бойынша талқылаулар мен тенденцияларды ұстану қажеттілігін қамтиды. Тарихи және заманауи сериалдарды көру студенттерге өткеннің мұрасымен байланыстыруға және заманауи оқиғаларды түсінуге тырысуға мүмкіндік береді.

Енді зерттеуге қатысушы студенттердің түрік тіліне деген қызығушылық деңгейін және түрік телехикаяларының студенттердің түрік тілін үйрену үдерісіне әсерін анықтау мақсатында жүргізілген сауалнама нәтижелеріне тоқталғымыз келеді.



1-сурет – Студенттердің «Түрік телехикаяларын жиі көресіз бе?» деген сұраққа жауабы

«Түрік телехикаяларын көресіз бе?» деген сауалнаманың сұрағына осы зерттеуге қатысқан 100 студенттің 70% – ы «иә», 20% -ы «кейде», ал 10 % – ы «жоқ» деп жауап берген. Осы деректерді ескере отырып, қазақстандық студенттердің түрік телехикаяларына қызығушылық танытатындығын және түрік телехикаяларын жиі көретіндігін айта аламыз. Бұл сұраққа студенттер тарапынан берілген оң жауаптар мәдени өзара әрекеттесу мен тіл үйрену үдерістеріндегі өзара байланыстың бар екендігінің көрсеткіші болып табылады.

Қазақстан мен Түркияның мәдени және тарихи байланыстары қазақ студенттерінің түрік телехикаяларына деген қызығушылығының артуына себепші болуда. Бұл телехикаялар әдетте тарихи, мәдени және әлеуметтік мазмұнымен ерекшеленеді, оларды көрген адамдардың өмірге басқаша көзқараспен қарауына көмекші

болады. Жоғарыдағы кестеден көріп отырғанымыздай, «Muhteşem Yüzyıl» (Ғаламат ғасыр), «Diriliş Ertuğrul» (Ертұғрыл) сияқты телехикаялар Қазақстан студенттері арасында өте танымал және бұл жайт түрік телехикаяларының Қазақстан жастары арасында танымал мәдениетке айналғанын көрсетеді.

Ең жиі қаралатын телехикаялар күнделікті өмір элементтерін, тұрмыс жағдайларын, тұлғааралық қарым-қатынастарды және әлеуметтік дәстүрлерді қозғайды. Осы тұрғыда студенттердің түрік мәдениеті мен өмір салтына деген қызығушылықтарын арттыруда және түрік тілінде тіл байлығын дамытуда түрік телехикаяларының маңызды рөл атқаратындығын атап айтуға болады. Түрік телехикаялары студенттердің түрік тілін үйренуге деген құштарлығын арттыруда және Түркия мен түрік мәдениетін үйренуінде маңызды рөл атқаратынын көруге болады.



**2-сурет** – Студенттердің «Түрік телехикаяларын қай тілде көресіз?» деген сұраққа жауабы

«Түрік телехикаяларын қай тілде көресіз?» деген сұраққа «сауалнамаға қатысқан 100 респонденттің 63%-ы түрік телехикаяларын түрік тілінде, 11%-ы қазақша субтитрмен, 25%-ы орысша субтитрмен, 1%-ы ағылшынша субтитрмен көремін» деп жауап берген. Студенттердің түрік телехикаяларын көбінесе түпнұсқа тілінде көруі олардың түрік тіліне деген қызығушылығының көрсеткіші деуге болады.

Кая мен Индже жүргізген зерттеулерінде түрік телехикаяларының түрік тілін үйрену үде-

рісінде маңызды бастама ретінде қарастырылатынын және телехикаяларды көру студенттердің тілдік дағдыларын жақсартатынын атап көрсетеді және «телехикаялар көрермендерге табиғи сөйлеу тілін үйренуге, күнделікті тұрмыс – тіршілікпен байланысты үрдістерді және де мәдени мәнмәтіндегі үйренуге мүмкіндік береді. Осындай әдіс әсіресе тіл үйренуде тиімді, өйткені ол студенттерді тілді жаттықтыруға және жаңа сөздерді үйренуге ынталандырады» деп тұжырым жасайды (Kaça & İnce 2018: 5).



**3-сурет** – Студенттердің «Университетте екінші шетел тілі ретінде түрік тілін таңдамас бұрын түрік телехикаяларын көрдіңіз бе?» деген сұраққа жауабы

Респонденттерге сұралған «Университетте екінші шетел тілі ретінде түрік тілін мас бұрын түрік телехикаяларын көрдіңіз бе?» сұраққа респонденттердің 70%-ы «иә», 30%-ы «жоқ» жауап берген. Респонденттердің көпшілігі екінші шетел тілі ретінде түрік тілін таңдамас бұрын түрік телехикаяларын көргендерін айтқан. Бұл факт түрік телехикаяларының тіл үйренуде маңызды рөл атқаратынын және студенттер-

дің түрік тілін үйренуге деген мотивацияларын көрсетеді.

Түрік телехикаяларын түпнұсқада күнделікті көру арқылы көрермендердің түрік тілінде тілдік дағдылары дамиды. Сонымен қатар, кейіпкерлердің сөйлеу мәнері және телехикаядағы мәдени элементтер студенттерді түрік тілін үйрену барысында тереңірек байланыс орнатуға ынталандырады.

Респонденттер жауаптарында атап көрсеткендей түрік телехикаяларын көргеннен кейін екінші шет тілі ретінде түрік тілін таңдаған. Бұл факт БАҚ арқылы тіл үйренудің қаншалықты тиімді және ықпалды екендігін және де

мәдени өзара әрекеттестік пен тіл үйренудегі БАҚ-тың күші мен ролін көрсетеді. Бұл жағдай БАҚ мәдениетаралық коммуникация үшін маңызды көпір бола алатындығының бір дәлелі деуге болады.



**4-сурет** – Студенттердің «Түрік телехикаяларынан түрікше сөздер немесе сөз тіркестерін үйренесіз бе?» деген сұраққа жауабы

Сауалнамадағы «түрік телехикаяларынан түрікше сөздер немесе сөз тіркестері үйренесіз бе?» деген сұраққа респонденттердің 92%-ы түрік телехикаяларынан түрікше сөздер немесе сөз тіркестерін үйренетінін атап айтқан. Бұл статистикалық дерек түрік телехикаяларының студенттерге түрік тілін оқыту үдерісінде тиімді дереккөз екенін растайды. Телехикаялардағы кейіпкерлерінің табиғи ауызекі тілді қолдануы мен күнделікті өмірдегі болатын жайттарды көрермендерге жеткізуі бұл телехикаяларды көріп отырған адамның тіл үйренуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, телехикаялар арқылы түрікше сөздер мен сөз тіркестерін үйрену студенттерді ынталандырады және олардың тілді практика жүзінде қолданылуын күшейтеді.

Яман мен Арслан жүргізген ұқсас бір зерттеудің нәтижелері түрік телехикаялары мен фильмдері студенттердің сөйлеу (46%), тыңдау (40%), жазу (10%) және оқу (4%) сияқты дағдыларын дамытуға оң әсер ететіндігін анықтады (Yaman 2023: 9).

Телехикаяларды түпнұсқа тілде пайдалану студенттердің тілдік ортаға енуіне, олардың сөздік қорын молайтып, сондай-ақ тыңдау және тыңдау дағдыларын дамытуға септігін тигізеді. Бұл тіл үйренушілердің мәдени мәнмәтінді қабылдау қабілетін жақсартуға көмектеседі, бұл әсіресе оқитын елдің әлеуметтік және мәдени ерекшеліктерін түсіну үшін өте маңызды.


«Түрік телехикаялары сізге түрік тілін үйренуіңізге септігін тигізді ме?» деген сұраққа зерттеуге қатысқан 100 студенттің 97 %-ы «иә», 3%-ы «жок» деп жауап берген. Телехикаядағы көріністер мен кейіпкерлер тіл үйренушілердің сөздік қорын байытады және олардың тілді практикалық тұрғыдан қолдануын күшейтеді.

Е.Хинкель екінші шетел тілінде тілдесім дағдысын оқытуды тіл үйренушілерге өзара әрекеттестік және қарым-қатынас дағдыларының нақты жиынтығын меңгерулеріне көмектесу деп санайды және «екінші шетел тілін оқыту барысында тіл үйренушілерден сөйлеуді дамыту мен дискурсты ұйымдастыру, грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолдану мен бай сөздік қорын қоса алғанда ауызекі сөйлеу дағдылары, дұрыс айтылым және ақпарат реттілігі талап етіледі» деп тұжырым жасайды (Hinkel 2017: 3).

А.Урядова мен В.Иванова бірлесе жазған мақалаларында «телехикаялар тіл үйренуге әртүрлілік пен икемділік әкеледі, оқыту әдістері мен ресурстарының ауқымын кеңейтеді, барлық төрт коммуникативті тілдік дағдыларды дамытуға көмектеседі. Телехикаяларда есте сақталатын шексіз диалогтар, драмамен толықтырылған ұмытылмас сахналар тілді тиімді үйренуге ықпал етеді. Танымдық деңгейде, әдетте, сөз фрагменттері және тіпті үлкен әсер ететін көріністердегі толық сөйлемдер есте сақталып қалады» деп телехикаялардың маңызын айрықша атап көрсетеді (Урядова &Иванова 2020: 9).



5-сурет – Студенттердің «Түрік телехикаялары түрік тілін үйренуіңізге септігін тигізді ме?» деген сұраққа жауабы



6-сурет – Студенттердің «Түрік телехикаяларының түрік тілін үйренуіңізге қандай пайдасы бар?» деген сұраққа жауабы

Студенттердің жауаптарынан көріп отырғанымыздай, түрік телехикаяларының тіл үйренуде тиімді болуының бір себебі, олардың көру және есту арқылы тіл үйренуге ықпал етуінде. Респонденттер түрік телехикаяларын көру арқылы түрік тілін үйренуге қызығушылығы артқандығын, түрік елінің мәдениетімен, тарихымен танысқандығын, шет тілі ретінде түрік тілін үйренудегі тілдік кедергіні жойғанын, телехикаялар арқылы түрік тілінің табиғи ырғағы мен интонациясын жақсы үйренгендігін, сөздік қорларының айтарлық артқанын, сондай-ақ тыңдалым және тілдесім дағдылары дамығанын т.б. баяндаған. Респонденттермен жүргізілген сауалнама нәтижесіне сүйене отырып, түрік телехикаялары қазақстандық студенттердің түрік тілін үйрену үдерісіне оң әсер етіп, мәдениетаралық қарым-қатынас жасауда маңызды рөл атқарады деп айтуға болады.

### Қорытынды

Жүргізілген зерттеудің нәтижесінде телехикаялардың студенттерге түрік мәдениеті мен өмір салтын тереңірек түсінуге көмектесіп қана қоймай, түрік тілін үйренуге деген ынтасын арттыруда да маңызды рөл атқаратындығы байқалды. Зерттеу барысында жүргізілген сауалнамада респонденттер түрік телехикаяларын көру арқылы түрік тілін жақсы үйреніп, түрік мәдениеті, тарихы, салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары және түрік халқының күнделікті өмірімен етене танысқандығын баяндады. Сондай-ақ, телехикаялар арқылы түрік тілінің табиғи ырғағы мен интонациясын жақсы үйренгендерін және сөздік қорлары мен тілдік дағдылары дамығанын атап өтті.

Зерттеудің нәтижесінде түрік телехикаялары жоғары оқу орындары студенттерінің түрік

тілін оқыту үдерісіне оң ықпал ететіндігі және тіл және мәдени алмасудың бірегей алаңы екені анықталды. Сондай-ақ, түрік телехикаяларының Қазақстан мен Түркия арасында мәдени көпір қызметін атқаратындығын, әсіресе ортақ тарихи, тілдік және мәдени байланыстарға негізделген түрік телехикаялары бауырлас екі ел арасында берік байланыс орнатып, сауда саласынан туризмге дейінгі көптеген салалардағы ынтымақтастықты арттыруға мүмкіндік беретінін көруге болады. Сондықтан телехикаялар ойын-сауық құралы болып қана қоймай, тіл үйренуге деген қызығушылықты арттырудың тиімді құралына айналып, өз кезегінде Қазақстан мен Түркия арасындағы мәдени байланысты нығайтуға септігін тигізеді деп нық сеніммен айтуға болады.

Түрік телехикаялары студенттер үшін ойын-сауық пен түрік тілін оқыту аспектілерін біріктіретін тамаша мүмкіндік. Тіл мәдениеттің бір бөлігі ғана емес, сонымен бірге мәдениеттің тасымалдаушысы болғандықтан түрік тілін шет тілі ретінде оқыту материалдары ретінде студенттерге сабақ кезінде таңдаулы түрік телехикаяларының сюжетін талқылау, ол күнгі сериясында не болғанын талдау студенттер арасында пікірталас тудырып, сөйлеу қабілеттерін жетілдіруге көмектеседі. Сондай-ақ, телехикаялардағы түрік салт-дәстүрлерін қазақ салт-дәстүрлерімен салыстыру барысында студенттердің танымдық және сыни ойлау қабілеттері қалыптасады. Тіл үйрену арқылы студенттер өзге ұлттың мәдениетін, тарихын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын танып білумен қатар, төл мәдениетімізді де терең үйренуге қызығушылық танытады. Алдағы уақытта студенттердің тілдік дағдыларын дамытып, мәдени әлеуетін арттыру үшін шетел тілі сабақтарында медиа ресурстар мен білім беру бағдарламаларын кіріктіру өте маңызды деп санаймыз.

### Әдебиеттер

- Акча, Э. (2022). Түрік теледидар сериалдарын коммуникация және мәдениет контекстінде талдау: «Кипр: Жеңіске қарай» мысалы. Жаңа Түркия.
- Арбатлы, М. С., & Курар, И. (2015). Түрік сериалдарының қазақ-түрік мәдени өзара ықпалына және түрік тілінің таралуына әсері. *Turkish Studies*, 10(2), 31–48.
- Арық, И. (2023). Қырғызстан мысалында шетелде көрсетілген түрік сериалдарына қатысты көрермен пікірлері. *КМҰ Әлеуметтік және экономикалық зерттеулер журналы*, 25(45), 1264–1283.
- Беновска, М. (2024). Түрік телесериалдары, визуалды «сияқтыру» және мәдени дипломатия. Қазіргі Оңтүстік-Шығыс Еуропа, 11(2), 158–179. <https://doi.org/10.25364/02.11:2024.2.9>
- Билис, П. Ә., Билис, А. Е., & Сыдығалиева, М. (2018). Түркия–Түрік республикалары арасындағы мәдени байланыстардағы телесериалдар факторы: Қырғызстан мысалы. *Manas Әлеуметтік зерттеулер журналы*, 7(1), 403–425.
- Думан, Г., & Өнжүл, В. (2023). Қазақстандағы түрік тілі зерттеулері. In *Дүниежүзілік түрік тілін оқыту. Феномен*.

Ешил, Б. (2015). Түрік сериалдарының трансұлттықтануы: Жергілікті және жаһандық нарық талаптарының ұштасуын зерттеу. *Global Media and Communication*, 11(1), 43–60.

Кая, К., & Инже, Б. (2018). Түрік сериалдарындағы мәдени элементтердің орны. Түрік тілінде сөйлейтіндердің академиялық журналы, 5(2), 5–15.

Құнанбаева, С. С. (2010). Қазіргі шетел тілін оқытудың теориясы мен практикасы. *KazUIR&WL*.

Смакова, К., & Паулсруд, Б. (2020). Қазақстандағы ағылшын тілін оқытудың мәдениаралық коммуникативтік құзыреттілігі. Білім беру мәселелері, 30(2), 691–708. <https://www.iier.org.au/iier30/smakova.pdf>

Урядова, А. В., & Иванова, И. К. (2020). Аутентикалық сериалдар шетел тілін оқытудың тәсілі ретінде. In II Халықаралық ғылыми конференция материалдары (92–98-бб.). YSTU.

Хинкел, Э. (2017). Интеграциялық дағдылар сабағында сөйлеуді оқыту. In Дж. И. Лионтас (ред.), Ағылшын тілін оқытудың TESOL энциклопедиясы (1–6-бб.). Wiley. <https://doi.org/10.1002/9781118784235.eelt0256>

Шериева, Г. Т., Сүлейменова, Ж. Н., & Сәтбекова, А. А. (2023). Шетел студенттерінің мәдени құзіреттілігін қалыптастыру: Лингвоәлеуметтік аспект. Қазақ Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің бюллетені: Педагогикалық ғылымдар, 3(70), 116–131.

Яман, Ю., & Арслан, М. (2023). Түрік сериалдары мен фильмдерінің шетелдік тіл ретінде түрік тілін оқытуға әсері: Қазақстан мысалы. Түркі тілдерін зерттеу журналы, 83–98.

## References

Ақча Е. (2022). İletişim ve Kültür Bağlamında Türk Televizyon Dizilerinin Analizi ‘Kıbrıs: Zafere Doğru’ Örneği. – Ankara: Yeni Türkiye.

Arbatlı M. S. & Kurar İ. (2015). Türk dizilerinin Kazak-Türk kültürel etkileşimine ve Türkçe'nin yaygınlaşmasına etkisi. *Turkish Studies*, 10(2). – pp. 31-48.

Арык І. (2023). Киргизстан Өrneğinde Yurt Dışında Yayımlanan Türk Dizilerine İlişkin İzleyici Görüşler. *KMÜ Sosyal ve Ekonomik Araştırmalar Dergisi*, 25(45). –pp.1264-1283.

Benovska M. (2024). Turkish TV dramas, visual ‘seduction’, and cultural diplomacy. *Contemporary Southeastern Europe*, 11(2). – pp.158-179. <https://doi.org/10.25364/02.11:2024.2.9>.

Bilis P. Ö., Bilis A. E., & Sydygalieva M. (2018). Türkiye-Türk Cumhuriyetleri kültürel ilişkilerinde televizyon dizileri faktörü: Kırgızistan örneği // *Manas Sosyal Araştırmalar Dergisi*, 7(1). – pp. 403-425.

Duman G., & Öncül V. (2023). Kazakistan’da Türk dili çalışmaları. *Dünyada Türkçe öğretimi. – Erzurum: Fenomen*.

Hinkel E. (2017). Teaching speaking in integrated – skills classes. In J. I. Liontas (Ed.), *The TESOL Encyclopedia of English Language Teaching*. pp. 1-6. Hoboken, NJ: Wiley. <https://doi.org/10.1002/9781118784235.eelt0256> (Scopus) [https://docs.google.com/forms/d/1yqJMAJ03kfHp6QaYlsmDK9jy29PPnsEAzIj9Id8jXw/viewform?edit\\_requested=true#responses](https://docs.google.com/forms/d/1yqJMAJ03kfHp6QaYlsmDK9jy29PPnsEAzIj9Id8jXw/viewform?edit_requested=true#responses)

Kaya K., & İnce B. (2018). Türk Dizilerinde Kültürel Öğelerin Yeri. *Türkçe Konuşurların Akademik Dergisi. – 5 (2). – pp. 5-15.*

Kunanbayeva S.S. (2010). *Theory and Practice of Modern Foreign Language Education. – Almaty: KazUIR&WL.–324 p.*

Smakova K. & Paulsrud B. Intercultural communicative competence in English language teaching in Kazakhstan. *Issues in Educational Research. – 30(2) 2020. – pp. 691-708.*

<https://www.iier.org.au/iier30/smakova.pdf> (Scopus)

Sherieva G.T., Suleimenova J.N., Satbekova A.A. (2023). Shetel studentterinin madeniaralyk quzirettiligini qalyptastyru: lingvoeltanyndyk aspekt // *Bulletin of Kazakh Ablai Khan University of International relations and World Languages Series: Pedagogical Sciences. №3 (70), 116-131.*

Uryadova A. V, Ivanova I. K. (2020). Autentichnye serialy kak sposob izucheniye inostrannogo yazyka. *Proceedings of the II International Scientific Conference. – Yaroslavl: YSTU. pp. 92-98.*

Yaman Y., & Arslan M. (2023). Türk dizi ve filmlerinin yabancı dil olarak Türkçe öğrenimine etkisi: Kazakistan örneği. *Journal of Research in Turkic Languages. – pp. 83-98.*

Yeşil B. (2015). Transnationalization of Turkish dramas: Exploring the convergence of local and global market imperatives. *Global Media and Communication*, 11(1). – p. 43-60.

### **Авторлар туралы мәлімет:**

*А. Мукажанова – педагогика ғылымдарының магистрі, Қазақстан-Американдық еркін университетінің аға оқытушысы (Өскемен, Қазақстан, e-mail: mikazhanova.arau@gmail.com).*

*Г. Думан – PhD, Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті (Түркістан, Қазақстан, e-mail: gulbanuduman@gmail.com).*

*А.А. Құрманәлі – PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессор м.а. (Алматы, Қазақстан, e-mail: altynshash.kurmanali777@gmail.com).*

**Information about authors:**

*A. Mukazhanova – Master of Pedagogical Sciences, Senior lecturer at Kazakh American Free University (Oskemen, Kazakhstan, e-mail: mukazhanova.aray@gmail.com).*

*G. Duman – PhD, Associate Professor of Akhmet Yasawi International Kazakh-Turkish University (Turkestan, Kazakhstan, e-mail: gulbanuduman@gmail.com).*

*A.A. Kurmanali – PhD, Acting professor at Al Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: altynshash.kurmanali777@gmail.com).*

**Сведения об авторах:**

*А. Мукажанова – магистр педагогических наук, старший преподаватель Казахстанско-Американского свободного университета (Усть-Каменогорск, Казахстан, e-mail: mukazhanova.aray@gmail.com).*

*Г. Думан – PhD, доцент Международного казахско-турецкого университета им. Х.А. Ясауи (Туркестан, Казахстан, e-mail: gulbanuduman@gmail.com).*

*А.А. Курманали – PhD, и. о. профессора Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: altynshash.kurmanali777@gmail.com).*

*Келін түсті: 4 желтоқсан 2025 жыл*

*Қабылданды: 18 ақпан 2026 жыл*